Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы 8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика (8D05110-Вирусология білім беру бағдарлама) кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңесітің

ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер: 6
2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Диссертациялық кеңестің мүшелері – 7 адам, олардың ішінде 4 адам диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері және 3 адам докторлық диссертацияның зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша, 2 ресми рецензент тағайындалды.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі

№	Докторанттардың ТАӘ	Ғылыми жетекшілері	Докторант оқыған, ЖОО
1	Абай Жандос Сайлаубекұлы	1. Закарья Кунсулу Дальтоновна - биология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Президентінің ғылым және инновациялар мәселелері жөніндегі кеңесшісі (Астана қ., Қазақстан); 2. Иоо Хан Санг – ветеринарлық медицина ғылымдарының докторы, профессор, Сеул ұлттық университетінің Ветериналық медицина факультетінің зертхана меңгерушісі, (Сеул қ., Корея Республикасы).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Абай Жандос Сайлаубекұлы – диссертациялық жұмыс микобактериялық гендерді тасымалдаушы векторды құру арқылы рекомбинантты құс тұмауы вирусының негізінде ірі қара мал туберкулезіне қарсы отандық векторлық вакцинаны жасауға, сонымен қатар зертханалық және мақсатты жануарларда вакцинаның қауіпсіздігін, қорғаныштығын және иммуногенділігін зерттеуге арналған.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Ж.С. Абайдың диссертациялық жұмысы AP09259683 «Ірі қара мал туберкулезінің алдын алу үшін векторлық вакцинаны өндіру технологиясын әзірлеу» 2021-2023 жж. гранттық қаржыландыру жобасы аясында жүзеге асырылды.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Ж.С. Абайдың диссертациялық жұмысының нәтижесінде ірі қара мал туберкулезінің алдын алатын жаңа буын препараты жасалды. Вакцина бойынша нормативтік-техникалық құжаттама әзірленді, оған мыналар кіреді: Ірі қара мал туберкулезіне қарсы векторлық вакцинаны өндіру және бақылау жөніндегі нұсқаулық; СТ 405-1919-04 ГП-146-2023 «Ірі қара мал туберкулезіне қарсы векторлық вакцина»; «Ірі қара мал туберкулезіне қарсы векторлық вакцина» препаратын қолдану жөніндегі нұсқаулық. Қазақстан

Республикасында алғаш рет молекулалық биология мен гендік инженерияның соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, ірі қара туберкулезіне қарсы жаңа векторлық вакцина өндіріліп, сынақтан өткізілді.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертацияның мазмұнын оқып зерделеу үшін және сыни пікір беруі үшін әрбір диссертацияға ресми түрде екі рецензент тағайындалды, олардың ғылыми дәрежелері ғылым докторы немесе ғылым кандидаты, философия (PhD) докторлары болды және докоранттың зерттеу аумағындағы ғылыми мақалалары 5 (бесеуден) аз болмауы шарт екендігі ескерілді.

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензент пен докоранттың, ғылыми кеңесшілерімен бір-біріне тәуелсіз болу принципін жетекшілікке ала отырып тағайындады.

Ресми рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша түрде пікірлерін көрсетті, онда диссертацияның ғылымның даму бағытына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі, өзектілігі, жаңашылдық принциптеріне сәйкестілігі, автордың жеке үлесі, нақтылығы, ішкі бірлігі, практикалық маңызы, академиялық адалдылығы ескерілген және философия (PhD) докторы дәрежесін алу мүмкіншілігі қортындыланған. Ресми рецензенттердің берген пікірлерінің көшірмесі докоранттарға берілді және диссертацияны қорғау күні белгіленген күнге 5 (бес) жұмыс күні қалғанға дейін университеттің интернет ресурсына ілінді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

1. Докоранттардың практикалық-бағдарланған даярлығын ғылыми тағылымдамаларды кеңейту және гранттық ғылыми жобаларға қатысу арқылы күшейту.
2. Ғылыми жетекшілік жүйесін жетілдіру, оның ішінде қоса ғылыми жетекшілерді және шетелдік сарапшыларды тарту.
3. Докоранттардың ғылыми іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ете отырып, академиялық ұтқырлықты және халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамыту.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер:

№		Мамандық/ білім беру бағдарламалары шифры мен атауы
		8D05110-Вирусология
1	Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докоранттарының)	1
2	Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докоранттарының)	-
3	Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докоранттарының)	-
4	Қорғау нәтижелері бойынша философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру жөнінде оң шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докоранттарының)	1
5	Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докоранттарының)	-

6	Пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докоранттарының)	-
7	Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докоранттарының)	-

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы Г.К. Кайырманова

Мөр Мерзімі 2026 жылғы "09"қаңтар